

необходимо идти по пути расширения налогооблагаемых баз, сохранения и увеличения налогоплательщиков как физических, так юридических лиц, ужесточения контроля за соблюдением Трудового законодательства. Возможно, что в период кризиса такое снижение налогового бремени могло бы принести гораздо большую пользу для экономики страны.

Список литературы

1. Засько В.Н., Шакирова Д.Ю. Налоговая политика государства в условиях экономической нестабильности в РФ // Российское предпринимательство. 2015 №15. С.2471-2482.

2. Салькова О.С. Налоговая нагрузка и резервы налоговой оптимизации // Финансы. 2015. № 10. С.37–41.

Л.А. Мурзабекова, ғылыми жетекшісі Ж.Ж. Жуматай
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті Алматы, Қазақстан Республикасы

L.A. Murzabekova, Zh.Zh. Zhumatay

Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov
Almaty, Republic of Kazakhstan

jaz_04@mail.ru

Қазақстан Республикасының өнеркәсібінде инновациялық процесстерді басқарудың қаржы механизмін жетілдіру Management of innovational processes' perfection of financial mechanisms in in- dustry of Republic of Kazakhstan

Аннотация. *Экономический рост в развитых странах мира основывается на инновациях. Одну из ключевых позиций в развитии экономики Казахстана занимают инновации. Инновации на пустом месте не создаются, для инновационного развития в стране должна быть создана соответствующая среда. Одним из механизмов инновационного развития является финансирование. Значение финансирования инновационной деятельности – это поддержка субъектов инновационного предпринимательства, коммерциализация научно-технической деятельности и возврат финансовых средств в многократном объеме, которое было вложено в процесс инновационной деятельности.*

Abstract. *Economic growth in the developed world is based on innovation. One of the key positions in the development of Kazakhstan's economy is innovation. Innovations are not created in scratch, for innovative development should be created appropriate environment. One of the mechanisms of innovation development is financing. The value of*

financial innovation - is to support innovative businesses, commercialization scientific and technical activities and the return of funds in a multiple amount that was invested in the process of innovation.

Ключевые слова: *инновация, функции инновации, экономический процесс, венчурный фонд, предпринимательская деятельность*

Keywords: *innovation, function innovation, economic process, a venture capital fund, entrepre-neurial activity*

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің инновациялық қызметін атқаратын кәсіпорындарды конъюнктуралық зерттеу нәтижесіне сәйкес олардың көбісі қаражаттардың жетіспеушілігіне және жоғары салық ауыртпалығына байланысты қиындықтарға тап болады. Сәйкесінше, инновациялық қызметін қолдайтын қаржы механизмін жетілдіру еліміздің экономикасының инновациялық секторының дамуында маңызды рөл атқаруы тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы ҒЗжТКӨ қаржыландыру деңгейі өте төмен. Аталған көрсеткіш бойынша Қазақстан әлемнің дамыған елдерінен он есе артта қалып келеді. Инновациялық дамытудың қозғалтқышы өндірістік кәсіпорындар екендігі жалпыға мәлім. Алайда Қазақстанда көптеген өндірістік кәсіпорындардың өз инновациялық қызметін ғана емес, сонымен бірге өндірістік қызметін де қаржыландыруға шамалары келмейді. Орын алған мәселені шешу мақсатында, ҒЗжТКӨ жыл сайынғы мемлекеттік қаржыландыру мөлшерін ЖІӨ-нің 2% дейін жеткізу қажет, бұл ретте қомақты үлесі машина жасау кешені саласындағы ҒЗжТКӨ бөлінуі тиіс. ҒЗжТКӨ жұмсалатын бюджет қаражатын қалыптастыру позициясынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (бұдан әрі – Қор) оның қаржыландыру көзі болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, Қор макроэкономиканың жинақтаушы және тұрақтандыру функциясын атқарып ғана емес, сондай-ақ инновациялық қызметінің дамуы арқылы ұлттық экономиканың ілгерілемелі дамуына да жәрдемдесуі тиіс. Осыған байланысты жыл сайын Қордан республикалық бюджетке ҒЗжТКӨ өткізу үшін қаражаттарды республикалық бюджетті әзірлеудің өткен жылдан кейінгі қаржы жылдың соңындағы жағдайы бойынша Қор активтерінің оннан бір бөлігі мөлшерінде бөлу жөн.

ҒЗжТКӨ бөлінген қаражаттардың қалған бөлігі кәсіпорындарды, шетел тапсырыс берушілерін және бюджеттен тыс қорларын қамтамасыз етеді. Тек осылай Қазақстандағы инновациялық дамуы жалпы әлемдік дамуына салыстырмалы болуы мүмкін.

ҒЗжТКӨ өткізуді және олардың нәтижелерін ерекше салық салуы арқылы шаруашылық қызметінде пайдалануды ынталандыру ҒЗжТКӨ ынталандырудың басқа шараларына қарағанда, бірқатар қызықтыратын артықшылықтары бар:

- салықтар алушыға қатысты бейтарап. Бұл белгіленген шеңберіндегі жеңілдіктер кез келген саладағы кез келген алушыға берілетіндігін білдіреді, осылайша нарықтық бәсекелестік бұзылмайды;

- ел ішіндегі инновациялық белсенділіктің жалпы қолдауын ұсынады (тікелей қаржыландыруға қарағанда);

- ҒЗжТКӨ бағасын, оның бюджетіне қарамастан айтарлықтай төмендету мүмкіндігі, соның арқасында кәсіпкердің ҒЗжТКӨ жобаларының басымдылығына қатысты шешім қабылдаудына теріс әсерін тигізбейді. Бағаның төмендеуі ҒЗжТКӨ

саласындағы ҒЗжТКӨ шығындарына ерекеше салық салуынсыз тиімді болып табылмайтын жобалардың қызметіне өрістеуге мүмкіндік береді;

- жеке секторына инновациялық қызметінің артықшылықтарын таңдауды ұсынады;

- бизнес үшін анық және түсінікті болып табылады;

- сыбайласқан шешімдер мүмкіндіктерін айтарлықтай азайтады;

- ең аз әкімшілік шығындарын талап етеді [1, с. 11; 2, 81-бет].

Зерттеулер АҚШ, Канада немесе Австралияда қолданылған салық шаралары жеңілдіктерді ұсынған салдарынан зерттеулер мен әзірлеулерге шығындарын ұлғайтқан кәсіпорындарға ынталандырушы әсер еткендігін көрсетті. Байқалған әсер ҒЗжТКӨ шығындарына икемділік көрсеткішімен шамалауға болады, абсолюттік шамасы бойынша икемділіктің теріс мағынасы көп болған сайын, аталған жеңілдікті белгіленген кездегі сүйенген әсер анық байқалады [2, 85-бет].

1985 жылы Э. Мэнсфидди, Л. Свитзер өз пионер жұмыстарында осындай икемділіктің мағынасын – 0,04 деңгейінде алған, бұл өнеркәсіптік компаниялар тарапынан ҒЗжТКӨ шығындардың болмашы ұлғаюын білдіреді. Алайда, кейінгі зерттеулердегі орташа икемділік 1-ге жақын деңгейде бағаланған. Осылай-ша, салықтық жеңілдіктердің бір доллары ҒЗжТКӨ саласына қосымша капитал жұмсалымының бір долларын береді [2, 85-бет].

Қазіргі уақытта дамыған елдерінде салықтық ынтыландырудың кең қолданылатын шаралардың бірі инновациялық кәсіпорындарға ауқымды салық жеңілдігін ұсыну болып табылады. Мұндай шара Қазақстан Республикасының салық заңнамасында да көрсетілген, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – ҚР СК) 98-бабының ережелері кәсіпорындармен зерттеулер мен әзірлеулерге ағымдағы жылда жүзеге асырылған біліктілік шығындардың көлеміне өз салық салу базасының азайту мүмкіндігін көздейді. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстандағы ауқымды салық жеңілдіктің деңгейі 100% құрайды. Салық кодексінде көзделген ынталандырушы шара көптеген отандық кәсіпорындарға тиесілі айналымдағы қаражаттар дефициті мәселесінің шиеленісуін азайтуға және салық ауыртпалығын инновациялық өнімді шығару кезеңінен салықтар инновациялық өнімді өткізуден түскен түсімдер есебінен төленген кезде, сатылымдар өсуі деңгейіне әдетте инвестициялық жобаның теріс ақша ағынымен сипатталатын нарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Алайда, шығындарды ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына шығындарын салық салынатын табысқа 100% шегеру жеткіліксіз. Біздің пікірімізше, мұндай шегерудің мөлшерін шағын және орта инновациялық-белсенді фирмалар үшін 150% дейін және ірі кәсіпорындар үшін 125% дейін жеткізу қажет. Инновациялық қызметінің қатысушыларына қосымша уәждемелер ұсыну мақсатында, мемлекет тарапынан кәсіпорындарға соңғы үш жыл үшін ҒЗжТКӨ шығындардың орташа деңгейінен ағымдағы жылдың ҒЗжТКӨ шығындары артқан кезде ҒЗжТКӨ шығындардың 50% қосымша есепке шығару құқығын беруді ұсынамыз.

ҚР салық заңнамасында ҒЗжТКӨ шығындарына қандай шығындарды жатқызу керектігі көрсетілмеген. ҒЗжТКӨ ұғымының анықтамасы ҚР СК ҒЗжТКӨ тәжірибесін шолу үшін экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен қолданылатын Фраскати басшылығының ережелеріне негізделуі тиіс.

Мұндай ұғымға сәйкес ҒЗЖТКӨ ретінде келесілер қарастырылады:

- жаңа ғылыми немесе тәжірибелік білім алу мақсатында жүргізілетін іргелі зерттеу;
- жаңа немесе жақсартылған материалдарды, өнімдерді немесе құрылғыларды өндіру мақсатында ғылыми немесе техникалық білімді пайдаланатын жақсартулар.

Салықтық ынталандырудың кең таралған әдістердің бірі жылдамдатылған амортизация болып табылады. Шет елдерінде инновациялық кәсіпорындар үшін жылдамдатылған амортизация жүйесі өндірісті қолдаудың маңызды құралы болып табылады.

ҚР салық жүйесінде мемлекеттің амортизациялық саясатын жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі. Осылайша, ҚР СК 106-бабына сәйкес капиталдық қаржы жұмсауды жүзеге асыратын кәсіпорындар амортизациялық қаржы бөлуді есептеу арқылы белгіленген активтер құнына шегерулерге жатқызуға құқылы. ҚР СК 110-бабына сәйкес негізгі құралдардың белсенді бөлігі үшін, яғни машиналар мен жабдықтар үшін 25% мөлшерінде амортизацияның максималды шекті нормасы бекітілген. Сонымен бірге, аталған баптың 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға алғашқы енгізілген белгіленген активтер бойынша пайдаланудың бірінші салық кезеңінде салық төлеушінің кемінде үш жыл ішінде жылдық жиынтық табысты алу мақсатында белгіленген активтердің деректерін пайдалану талаптарында амортизацияның қос нормалары бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу құқығы белгіленеді. Осылайша, қазақстандық кәсіпорындардың 3-4 жыл ішінде жабдықты толығымен амортизациялауға мүмкіндіктері бар.

Алайда, қаржы қаражаттардың жетіспеушілігі және негізгі құралдардың жоғары тозу деңгейі мемлекеттік амортизациялық саясатын әрі қарай жетілдіру қажеттілігін болжайды. Амортизациялық саясатын жетілдіру мақсатында, Ұлыбританияның тәжірибесін зерттеу қызықты болып түседі. 1972 жылдан бері Ұлыбританияда «еркін амортизация» әрекет етеді, яғни амортизация мерзімін кәсіпорындардың өздері белгілейді. Салық салынбаған амортизациялық аударымдарды кәсіпорындар инновациялық негізде өндірісті техникамен қайта қаруландыруды пайдаланады. Барлық елдерде амортизация нормалары салықтар туралы заңмен бекітіледі, Ұлыбританияда – кәсіпорынның өзімен бекітіледі, ол үлкен артықшылықтарды береді [3,109-бет]. Осыған байланысты, біз Ұлыбританияның амортизациялық саясатын жүзеге асыру тәжірибесін үйренуді ұсынамыз. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстанның инновациялық кәсіпорындарына өз өндірістік-коммерциялық қажеттілігіне қарай негізгі қорларды амортизациялау мерзімдерін өз бетінше белгілеуге құқық беру қажет.

Әлемдік салық салу тәжірибесінде өнеркәсіптің инновациялық процесстерін белсендіруге бағытталған әсерлі әдістердің бірі кәсіпорындарды салық төлеуден уақытша босату болып табылады. Мемлекет тарапынан кәсіпорындарды салық төлеуден босату мемлекеттің стратегиялық маңызды бағдарламаларын дамытуына әсер ететін мемлекеттік бюджеттің табысты бөлігін қысқартылуына әкеліп соқтыратын болып көрінеді. Алайда, мұндай шаралардан кейін бюджетке салық түсімдері бизнеске инновациялық-коммерциялық қызметінің жаңа қатысушылары тартылуына байланысты ұлғаюы мүмкін. Осыған байланысты, бізбен Францияның мұндай түрдегі салық жеңілдіктерін ұсыну тәжірибесін зерттеу және бейімдеу

ұсынылады. Францияда қайта құрылған шағын кәсіпорындар қызмет еткен алғашқы екі жыл ішінде толығымен, 75% - үшінші жылы, 50% - төртінші жылы және 25% - бесінші жыл пайдаға салынатын салықтан босатылады [4, 93-бет]. Шағын инновациялық бизнесті жанама қаржыландырудың ұқсас сызбасы нәтижелі ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру мақсатында ҚР СК бекітілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесінің негізгі кіріс көздерінің бірі қосылған құн салығы (ҚҚС) болып табылады. 2014 жылы ҚҚС бойынша бюджетке түсімдер барлық салық түсімдерінің 22,2% құрады.

Қазақстанда ҚҚС барлық қызмет ететін салалардың барлық кәсіпорындарынан көбінесе 12% құрайтын бірыңғай мөлшерлемесі бойынша алынады. Бұл ҚҚС қатысты салық салудың икемді принциптері әрекет етпейтінді білдіреді.

Әсіресе, бұл инновациялық кәсіпкерліктің дамуын және қазіргі жағдайын қарастырған кезде, байқалады. Инновациялық сектордың дамуын мемлекеттік түрде ынталандыру үшін кәсіпкерлік қызметті ҚҚС салық салу мәселесінде еліміздің инновациялық секторын артықшылықты ретінде белгілеу қажеттілігі туындап тұр. Инновациялық кәсіпорындарымен өндірілген өнімді ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі бойынша салық салу қажеттілігін ұсынамыз. Өйткені инновациялық кәсіпорындардың саны аз (2014 жылы 4,8% құрады) және ЖІӨ құрылымында өндірілген өнімнің үлесі төмен (2014 жылы 1,18% құрады), мұндай шара мемлекеттік бюджетке түсімдерді айтарлықтай қысқартпайтын болады.

Қазақстанда ғылыми-техникалық қызметін қаржыландырудың негізгі көзі мемлекеттік бюджет болып табылады. Алайда, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ғылыми-техникалық саласының мұқтаждықтарын қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік қаражаттардан «панацеяны» іздеуге қажеті жоқ. Инновациялық қызметінің қаржылық қолдау мәні инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін қолдау, жаңа идеяларды жүзеге асыру, ғылыми-техникалық қызметін коммерциялық өнімге нәтижесі және инновациялық қызметінің процессіне енгізілген қаражаттардың көп еселі қайтарылуы болып табылады.

Қазақстанда венчурлық индустриясы 2003 жылы Қазақстан Республикасының 2003-2015 жж. Индустриалдық-инновациялық дамуы стратегиясын қабылдағаннан бастады. Стратегияда инновациялық қызметін дамыту бойынша негіз қалаушы институттарының құрылуы көзделген, олардың ішінде инновациялық қызметін дамыту, соның ішінде венчурлық қаржыландыру механизмі бойынша негізгі функциясын ҰИҚ атқарады.

Венчурлық қорларды құру барысында ҰИҚ қатысу принципі Yozma Израиль қорының венчурлық қорларды құруына ұқсас. Осылайша, ҰИҚ қатысуымен жалпы капиталандыру көлемімен 13,9 млрд. теңге сомасына 6 отандық венчурлық қор қалыптастырылды. Қордың және жеке секторының үлестері 49% (6,8 млрд. теңге) және сәйкесінше 51% (7,1 млрд. теңге) құрады.

Инвесторларды венчурлық қаржыландыру жүйесі арқылы инновациялық жобаларға салым салуды уәждемелеу мақсатында, инновациялық жоба пайдасыз болған жағдайда, оларға салынған инвестициялардың 50% қайтару кепілдігін ұсыну қажет деп ойлаймыз. Инвестицияларды қайтару бойынша кепілдікті Шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдау қоры беруге мүмкін болатын еді. Бұл ретте

инновациялық фирма аталған Қорға инвесторларға кепілдік ұсынғаны үшін сыйлықақы ретінде тартылған қаражаттың 2% төлейтін еді.

Қолданылған әдебиеттер

1. *Леонтьев Л.И.* Опыт стимулирования инновационной деятельности за рубежом // *Инновации*. 2003. № 4. с.11-13.
2. *Дагаев А.* Налоговое стимулирование инноваций в предпринимательском секторе экономики // *Проблемы теории и практики управления*. 2004. № 3. 85 бет
3. *Кембаев Б.А., Комлев Ю.В.* Управление научно-техническим развитием в ведущих странах мира. Алматы: КазгосИНТИ, 1998 г. С.109.
4. *Жарасбай А.О.* Совершенствование механизма государственной поддержки малого и средне-го предпринимательства в Казахстане. Алматы, 2002. 93 с.

В.А. Пахтусов, научный руководитель *А.В. Горшков*
Челябинский государственный университет, Челябинск, Россия
V.A.Pakhtusov, A.V.Gorshkov
Chelyabinsk State University, Chelyabinsk, Russia
Natalia_18_11@mail.ru

Сущность и стратегия экономической безопасности России The essence and strategy of Russia's economic security

Аннотация. в статье рассматривается понятие и сущность экономической безопасности государства; рассматриваются основные аспекты системы обеспечения национальной безопасности Российской Федерации.

Abstract. the article discusses the concept and essence of economic security of the state; discusses the main aspects of system of ensuring national security of the Russian Federation.

Ключевые слова: национальная безопасность, экономическая безопасность, стратегия экономической безопасности, концепция экономической безопасности

Keywords: national security, economic security, economic security strategy, the concept of economic security

С повышением степени своей открытости российская экономика, реформирование которой не завершено, становится все более уязвимой для различного рода финансовых угроз, выявление, прогнозирование, пресечение и нейтрализация которых становятся важной государственной задачей. Без решения данной задачи обеспечивать поступательное развитие страны, укреплять ее безопасность невозможно.